



Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы
Научный информационно-аналитический журнал
Павлодарского государственного
педагогического института

2004 жылдан шығады
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ВЕСТНИК
КАЗАХСТАНА**

02'2012

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА
СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет средства массовой информации
№9076-Ж
выдано Министерством культуры, информации и спорта
Республики Казахстан
25.05 2008 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Н.Р. Аршабеков, доктор философских наук, профессор

Зам. главного редактора

Б. Сагындыкулы, доктор филол. наук, профессор (ПГПИ)

Ответственный секретарь

А.Ш. Тлеулесова, кандидат пед. наук, доцент (ПГПИ)

Члены редакционной коллегии

А.К. Кусаинов, доктор пед. наук, профессор, лауреат Государственной премии РК, президент Академии педагогических наук Казахстана

Д. Камзабекулы, доктор филологических наук, профессор (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

Р.К. Толеубаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

Г.К. Ахметова, доктор пед. наук, профессор (КазНУ им. аль-Фараби)

К.К. Жампеисова, доктор пед. наук, профессор

В.В. Егоров, доктор пед. наук, профессор (КарГТУ)

Б. Абдыкаримулы, доктор пед. наук, профессор (КАО им. Ы. Алтынсарина)

С.К. Бердыбаева, доктор пс. наук, профессор (КазНУ им. аль-Фараби)

Н.С. Сафаев, доктор пс. наук, профессор (ТГУ им. Низами, г. Ташкент)

К.А. Нурумжанова, доктор пед. наук, профессор (ПГПИ)

А.К. Нургалиева, доктор пед. наук (ПГПИ)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук (ПГПИ)

Ж.А. Усин, доктор пед. наук, профессор (ПГПИ)

Технический секретарь

Ж.М. Калиев

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

Рукописи и диски не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Педагогический вестник Казахстана» обязательна.

Педагогика және білім берудің жалпы мәселелері Общие проблемы педагогики и образования	Н.Я. Городничева, Е.Г. Макарова, О.В. Чернышова Мотивация динамической двигательной активности как условие формирования индивидуального физического здоровья учащихся 11–12 лет	5	64
А.Қ. Алпысов, М.Т. Исқақова Орта және жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығы	Н.Я. Городничева, О.В. Чернышова Исследование двигательной активности учащихся младшего школьного возраста (8–9 лет)	5	71
А.Қ. Алпысов Кеңістіктегі салуға берілген есептерді шешудің кейбір әдістері	Р.Н. Демиденко, И.А. Демиденко, А.Н. Ахмульдинова Развитие математических способностей как фактор развивающего обучения	10	77
Е.В. Бронский Анализ приоритетов в физическом воспитании и содержании учебных программ по физической культуре в средней школе.....	Т.И. Кадькалова, Ш. К.-К. Шакенева Кольца с неоднозначной разложимостью элемента на простые множители	16	85
З.Е. Жумабаева Тестовые задания есть дидактические единицы	Е.А. Кистаубаев, М.К. Сирлибаев Организация судейства и проведение соревнований по вольной борьбе.....	25	94
А.С. Жолдабаева К вопросу использования интерактивных технологий при обучении иностранным языкам	Н.Ю. Молчкова Личностная мотивация студентов к занятиям по физической культуре	33	101
Д.П. Мучкин, Г.Е. Утюпова Подготовка учителей к самообразованию в современных условиях	М.К. Сирлибаев, Е.А. Кистаубаев Грек-рим күресіндегі палуандарының дене сапаларын тәрбиелеудің ерекшеліктері	36	106
Dz. Zh. Sakenov, Y. V. Kushnir, D. Zh. Abdulkhamidova Theoretical-methodological bases of training of future teachers for moral-sexual education of school students	Л.И. Струценко, Т.Д. Командик, Е.Н. Дзоз Особенности педагогического процесса будущих учителей физической культуры	43	110
Б.А. Нұрмағамбетова, Г. Жаныбек Студенттерді ұлттық дәстүрде тәрбиелеудің кейбір жолдары	О.В. Чернышова, Н.Я. Городничева Особенности физического воспитания учащихся специальных медицинских групп	52	116
Оқыту және тәрбие теориясы мен тәжірибесі Теория и практика обучения и воспитания	Білім және ғылым саласындағы инновациялық және интеграциялық үдерістер Инновационные и интеграционные процессы в науке и образовании		
С.Т. Бейсембаева, З.Ж. Толеутаева Самостоятельная работа при изучении иностранного языка: приемы для развития навыков письменной речи.....	Ж.Б. Байсеитова Ақпараттық-коммуникациялық технология білім жүйесінде	57	124

М.А. Лигай, Ж.К. Ермекова Реализация важнейших приоритетов образовательной политики РК при обучении физике	130
Б.Н. Орынбаев Кафедра оқытушыларының жүктемесін бөлу жұмысын автоматтандыру	136
Д.Ж. Сакенов, К.М. Беркимбаев, Б.Т. Керімбаева, С.Т. Нышанова Болашақ маманның ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын ағылшын тілін оқыту үдерісінде қалыптастыру.....	142
Е.В. Игнатова Социологический анализ управления системой высшего образования: региональный аспект	148
Білім берудегі психологиялық мәселелер Психологические проблемы в образовании	
Р.Н. Демиденко, В.К. Омарова Психолого-педагогическое сопровождение предпрофильного и профильного обучения	154

Әртүрлі – Разное

А.С. Қударина, М.М. Иманбеков, А.Р. Рымханова Логопедиялық диагностиканың мәселесі	162
А.С. Қударина, К.С. Тебенова, Н.Ш. Ахметова Факторы речевого развития человека.....	166
З.А. Мамедов, Е.В. Бронский, В.И. Лебедева Спортивная деятельность ведущих спортсменов Азербайджана как фактор положительного влияния на физическое воспитание студенческой молодежи	171
Doç. Dr. Beyhan Asma Puşkin’in eserleriyle türk kültürüne bakış	179
Doç. Dr. Beyhan Asma Dmitri Kantemir’in eserlerinde osmanlı tarihi..	189
Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах	
Авторларға арналған ереже	198
Правила для авторов	200

ӘОЖ 372.851.001

ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ
ОҚЫТУДЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

А.Қ. Алпысов, М.Т. Исқақова

В статье рассмотрены вопросы повышения качества преподавания математики на основе преемственности обучению в средних и высших учебных заведениях.

Также в статье поднимаются вопросы повышения качества и уровня учебно-воспитательной работы в организациях образования, профессиональной подготовки специалистов, отвечающей требованиям научно-технического прогресса.

The article deals with the issue of increasing the quality of teaching mathematics in schools and universities.

Ways of improving the quality and levels of teaching in schools and preparation of specialists respectively to needs of scientific technic progress were discussed.

Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын арттыру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кірістіру болмақ. Кез келген мемлекеттің рухани, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі сонда өмір сүретін халықтың білім деңгейіне қатысты бағаланады. Білім беру ісіндегі басты тұлға педагог екені ақиқат. Сол педагогтың мәртебесін арттыру, абыройын көтеру – көп қырлы үрдіс. Білім беру – бұл мәдениеттің бір бөлігі, сонымен қоректенетін және адам арқылы оның сақталуына және дамуына ықпал етеді. Адамның жалпы – адамзаттық құндылықтарға және мәдениет идеалдарының басына шығуын қамтамасыз ету үшін, білім беру мәдени сәйкес болуы керек. Ы. Алтынсариннің «мұғалім – мектеп жүрегі» деп айтқанындай, мектептің ұстазы өскелең заман талабына сәйкес шығармашылыққа бейім, зерттеу жұмысы тәсілдерін қолдана алатын маман болуы тиіс. Математика пәні мұғалімдерінің бірінші съезі ұстаз мәртебесін жаңғыртудың бірден-бір құралы болды. Съезде көтерілген мәселелер негізінен мектептегі білім беру жүйесінен бастау алады және оларды шешудің жолдары қарастырылды. Сонымен қатар ұстаз мәртебесі, педагог мамандарды заман талабына сай дайындау мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының 2011–2020 жылдарға арналған «мемлекеттік білім беруді дамыту» бағдарламасына сәйкес, математикалық білім беру елімізді инновациялық даму жолына алып шығатын маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Жалпы білім беру сапасын жетілдіруді математиканы оқыту сапасынан бастаудың жөн екені айқындалды.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу, жалпы елеміздегі білім беру жүйесінде бар түрлі олқылықтар мен кемшіліктерден арылуға жол ашады, өз алдына ел болған қазақ елінің ұлттық ерекшеліктеріне көңіл қойып, ой жіберуге және ұлттың мәдениетін, әдет-ғұрпын жете білуге мейлінше көңіл аударуға мүмкіндік туғызады деп ойлаймыз. Сондықтан жастарды білікті маман, озық ойлы азамат етіп қалыптастырды 12 жылдық білім беру негізінде жүзеге асыруға болады. Адамның күнделікті практикалық қызметі үшін математиканың маңызы зор. Математика пәнін оқытуда оқушылардың теориялық білімдерін тиімді пайдалану жолдарына көп көңіл бөлінуі керек.

Бұл бүгінгі таңда негізгі талапқа айналуы қажет. Адамның ойлау жүйесін дамытуда математиканың алатын орны бөлек десек те, соңғы жылдары осы пәннің сағаттары қысқартылуға ұшырапты. Осы мәселені зерттегенде бір сағатқа қысқарғанның өзінде басқа пәндер бойынша үлгерім 10-25 пайызға дейін төмендейтіні байқалған. Өйткені математика-орта мектептегі негізгі пәндердің бірі: ол басқа пәндерді оқып үйренуге септігін тигізеді. Бұл, ең алдымен, жаратылыс ғылымы цикліндегі пәндерге, яғни, физикаға, информатика мен есептеуіш техника негіздеріне қатысты. Сонымен қатар, математиканы оқып үйренгенде оқушылардың логикалық ой-өрісінің дамуы гуманитарлық циклдегі пәндерді меңгеруге жәрдемдеседі. Математикалық сипаттағы тәжірибелік бейімділіктер оқушылардың еңбек пен кәсіптік дайындығы үшін қажет.

Жоғары оқу орындарында математика мамандарын дайындау жүйесі жалпы білімдік және арнайы пәндерді оқып-үйренгенде қалыптастырылатын біліктілікті қамтиды. Демек, әрбір ұстаздың кәсіби мамандығы үшін математикалық, педагогикалық және психологиялық дайындыққа қойылатын талаптарды нақтылау қажеттілігі туындайды. Арнайы пәндерді оқып-үйренгенде математикалық курстар базалық болатындығын ескерсек, олардың мазмұны мен құрылымын құруда математика ғылымының іргелі теориялары мен заңдары, онымен қоса жаңа технологияның дамуына байланысты математикалық және арнайы пәндердегі жетістіктер кескінделуі керек. Осыған орай, болашақ математика мамандарына қажетті математикалық білімнің негізгі құраушылары құрылып, студенттердің математикалық дайындығы педагогикалық негізде құрылымдалады.

Жоғары оқу орнында студенттердің математикалық дайындығын жетілдіру үшін студенттердің математикалық дайындығын, материалдық базасын жақсартуға үлкен көңіл бөлу; жалпы және арнайы пәндерді оқытқанда математиканы оқытудың әдістерін кеңінен қолдану; тәжірибелік сабақтарда қолданбалық, мазмұнды есептер қарастыру, студенттерді оларды шығара білуге үйрету және тапсырмаларды орындауға бақылауды күшейту, студенттердің өз беттерімен математикалық білім алуға сұраныстарын арттыру керек. Қазіргі математиканы оқыту әдістемесі

студенттердің танымдық қызметі мен ойлау жүйесінің арақатынасын анықтай түсуде, ол білім алушының дербестігін, қажеттілігін қанағаттандырумен қатар, интеллектуалдық ойлау мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Жоғары оқу орнында математиканы оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістер мен мақсатты жүйелі түрде пайдаланып, білім алушылардың интеллектін, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту. Орта мектепте математика пәні мұғалімінің кәсіби дайындығын жақсарту үшін оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру жолдарымен қатар, математикалық білім беру құрылымы мен мазмұнын қайта қарау қажет.

Математика мұғалімдерінің алғашқы съезінде көтерілген тақырыптардың бірі – математикалық білім берудің үздіксіздігі, «мектеп – жоғары оқу орны» жүйесіндегі математикалық білім берудің сабақтастығы мәселесі. Осыған орай мектепте және жоғары оқу орнында математикадан білім беру сабақтастығы мазмұндылық және іс жүргізушілік аспектілерін қамтиды. Педагог мамандардың пікірінше, сабақтастық, негізінен, бағдарламалар мен оқулықтар арқылы білім беруді ұйымдастырудың амалы ретінде байқалады. Сондықтан орта мектеп пен жоғары мектептегі білім беру сабақтастығы, алдымен орта және жоғары білім беру мемлекеттің стандарттары сабақтастығының үйлесімділігінен көрінеді. Орта мектеп бағдарламалары жоғары мектептің білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымына сүйене отырып жасалуы тиіс.

Мектеп пен жоғары оқу орны оқулықтарының бірлігі көп жағдайда оқу үрдісінің сабақтастығы мен үздіксіздігіне мүмкіндік береді. Мектептегі жаңа буын оқулықтарының жеткіліксіздігі дайындық сапасына кері әсерін тигізуде. Жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламалары жоғары оқу орнының оқу құралдары мен бағдарламаларының мазмұнына сәйкес келуі тиіс.

Жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру қажет. Бұл, біріншіден, болашақ педагог құзыреттілігі негізінде сабақ берудің сәйкес технологияларын игеріп, екіншіден, басты құзыреттілікті қалыптастырудың жоғары деңгейін ұсына білуі тиіс. Жалпы және арнайы құзыреттілікті қалыптастырудың жүйесін дайындау – кезек күттірмейтін іс. Осыған орай, барлық білім жүйесі, салаларындағы математикалық білім, соның ішінде мектептегі білім беру жүйесі түбегейлі сапалық өзгерістерді талап етеді. Сонымен қатар аталмыш өзгеріс ғылыми негізделген және жүйелі болуы керек. Бұл үшін бүгінге дейін жинақталған тәжірибе мен оны жүйелеудің нақты қажеттілігінің ерекшелігі мен бірізділігін ескере отырып, елімізде заманауи математикалық білімнің тұжырымдамасын дайындау қажет.

Қазіргі таңда әралуан пікірге арқау болып жүрген оқулықтар мәселесіне келгенде, заман талабына сай оқулықты да, авторды да жаңарту қажеттігі туындап отырғаны белгілі. Сондай-ақ қолданыстағы оқулықтардың қатаң сараптаудан өтетінін, барлық оқулықтар Республикалық кеңестің шешімінсіз оқу үрдісіне жіберілмейтіні назарда болуы тиіс. Бұл үшін автор білімді, өмір көшінен қалмайтын, сауатты, жан-жақты ғалым, тәжірибелі ұстаз, білімді әдіскер болуы керек екені белгілі. Болашақ мұғалімдер дайындау мәселелерін шешу жолдарының бірі – практикалық міндеттерді шешу үшін студенттердің меңгерген білімдерін, шеберліктерін, дағдыларын пайдалануға бейімдеу, яғни, теориялық және әдістемелік білімдердің қолданбалы мәнінің болуы қажет. Білім берудің бір формасы ретінде қашықтықтан білім беру ғылыми-техникалық және қоғамдық өмірді ақпараттандырудың бір бағытымен дамытылуда.

Білім беру жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу білім беру үрдісін ұйымдастыру сапасына елеулі өзгерістер енгізуге қабілетті, сонымен қатар, мектеп оқуының жоғары нәтижелігін қамтамасыз ететін екпін болып табылады. Қазіргі заман талабына сай оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар іске асуда.

Электрондық оқулық – жеткізілетін оқу және зерттеу материалдарын ақпараттық технологиялар арқылы ұсынуды қамтамасыз ететін тасымалдағыштағы бағдарламалық жабдық немесе қосымша ғылыми-педагогикалық құрал. Қашықтықтан білім беруде тыңдаушыдан жауапкершілік, ұйымдастырушылық, өз бетінше жұмыс жасау сияқты психологиялық қабілеттер талап етіледі. Ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде математиканың негізін меңгеру жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің бірден-бір негізгі элементі болып табылады. Математика мұғалімдерін дайындау студенттерді педагогикалық институтқа қабылдаудан басталады.

Педагогикалық институтқа қабылданған студенттердің контингентін жақсарту үшін мұғалім мамандығының мәртебесін жоғары көтеріп, олардың аянбай жақсы жұмыс жасауына материалдық жағынан да, моральдық жағынан да ынталандырып отырған жөн. Төрт жыл бойы институт қабырғасында болған болашақ мектеп мұғалімі болатын студенттер мектеп математикасымен байланысы соншама аз, оқулықтардың көбі әрі орысша, әрі абстрактілі жазылған оқулықтарды оқиды. Педагогикалық институтта екінші курстан бастап аптасына екі сағат қана болатын «математикалық есептерді шығару практикумы» деп аталатын практикалық сабақтар жүргізіледі. Өздері мектепте математиканы нашар үлгерген студенттер үшін бұл тіпті жеткіліксіз. Сондықтан осы пәндердің сағаттарын арттыру қажет. Мұғалімдерді дайындайтын жоғары мектепте өтілетін әрбір математикалық курс мектептегі математика курсымен тығыз байланыста болып, оның белгілі бір идея-

сын одан әрі дамытатын болуы қажет. Ал шындығында, болашақ мұғалімдерді дайындайтын жоғары мектепте оқытылатын негізгі курстардың мазмұны мектеп математикасына толықтай жанасады деп айтуға болмайды. Орта және жоғары мектептің сабақтастығы – дилектикалы түрде байланысқан әртүрлі сипатты құбылыстардың педагогикалық тізбегі болуы тиіс.

Сабақтастық мектеп оқушылары мен студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туғызады, оқу қарқынын, іскерлік пен машықтарды меңгерудің меншіктісін таңдап алуға мүмкіндік жасайды.

Г.Н. Александров орта және жоғары мектеп аралығындағы сабақтастық байланыстардың мына бағыттарын көрсетеді: жеке адамның жан-жақты даму міндетін шешу, оқып-үйренушілердің ғылыми көзқарасын қалыптастыру; өзара тәуелді компоненттері арқылы оқу-тәрбие жүйесін жүзеге асыру; жеке адамның барлық психологиялық қасиеттерін, процестерін дамыту; оқушының білімі мен студенттің жалпы және арнайы дайындықтары арасындағы байланыстар; оқушы мен студентке жүретін педагогикалық ықпалдардың әдістері мен құралдары арасындағы байланыстар.

Б.Г. Ананьев: «Оқудағы сабақтастық – оқушылардың ғылыми негіздерін оқып-білу процесіне қатысты білім жүйелерінің уақытқа байланысты дамуы. Ол жаңа оқу материалын, болмыстың ұқсас құбылыстары туралы меңгерілген білімдермен байланыстыратын сабақта іске асады. Сабақтастық бір сабақтан екінші сабаққа ауысқанда, яғни сабақтар жүйесінде, бір оқу жылынан екінші жылға көшу сәтінде, бір оқу пәнінен онымен сыбайлас басқа пәнге ауысу сәтінде және тағы да сол сияқты құбылыстарда жүзеге асып, өзінің жалпы педагогикалық сипатын көрсетеді» – деп жазды. Сабақтастықты жүзеге асыру үшін сабақта мына қағидаларды сақтау қажет. Бірінші қағида – дүркін-дүркін қайталау. Оқушы жаңа материалды меңгеру үшін оған бірнеше рет түсіндіру қажет. Жақсы оқитын балалар да өткен материалды қайталау керек, тек сонда ғана нәтиже болады. Екінші – әрқашан оқушының шындық сезімін, берілгендерді шамалау, шамаларға бейімделу іскерліктерін дамыту. Мұндай қағиданы жүзеге асыру үшін арнайы тапсырмалар жиынын қарастыру қажет. Үшінші қағида – әр сабақта қарапайым амалдар мен жаттығуларды орындау іскерліктерін міндетті түрде қалыптастыру. Төртінші қағида – әр сабақта оқытушылардың өз бетімен жасайтын жұмыстарын енгізу. Бесінші – күнделікті сұрақ және тексеріс. Орта мектептерде дәстүрлі әңгіме сабақ, есеп шығару сабағы, материалды қайталау және жалпылау, конференция-сабақ, экскурсия сабақ түрлері жүріп жатады. Сабақтың дәріс, сынақ, семинар, консультация сияқты түрлері өте аз қолданылады. Мұндай сабақтар тек жоғары оқу орындарында қолданылатын, біраз уақыттан бастап олар орта мектептерде де кеңінен пайдалана бастады, әсіресе жоғары сыныптарда. Бұл жағдай кездейсоқтық емес, ол

өз бетінше жұмыс істеуге талпынушы қазіргі оқушылардың ерекшеліктерін ескеруге негізделген және оқылатын материал туралы тұтас түсінік тудыру үшін материалдарды ірі үлестерге бөліп оқуға сүйенеді.

Осындай сабақтардың жуырда ғана қолдана басталғанына қарамастан, сабақтың мұндай түрлерін оқушылар үшін дәстүрлі деп айтуға әбден болады. Практикада да мұндай сабақтардың жаңа мүмкіншіліктерін ашып отыр. Оқу формасындағы сабақтастық, ең алдымен, оқудың ұйымдастыру формаларын ұтымды түрде сұрыптауды білдіреді.

Сондықтан оқу формаларын оқудың әр келесі сатысында жетілдіру және дамыту оқу формаларындағы сабақтастықтың маңызды белгісі болады.

ӘОЖ 372.851

КЕҢІСТІКТЕГІ САЛУҒА БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

А.Қ. Алысов

В данной статье рассматриваются вопросы развития пространственного мышления студентов, раскрываются различные способы решения задач, направленных на его формирование. Наряду с этим показаны различные методы решения задач по стереометрии, различные виды решения задач. Первая и основная цель изучения геометрии заключается в том, что предметом изучения этой науки являются пространственные формы окружающего мира. В процессе решения задач на построение знакомятся с основными этапами работы. Необходимо четко определить цели и содержание каждого этапа. Анализ имеет своей целью установить порядок построения. По мере выяснения последовательности работы учащиеся записывают его. Построение представляет собой реализацию плана, намеченного в процессе анализа. При этом учитываются конкретные размеры углов и отрезков, данных в условии задачи. Доказательство состоит в том, что мы убеждаемся в правильности построения. Исследование состоит в выяснении того, имеет ли задача решение, сколько может быть решений и т.д. Для проведения исследования используется запись плана построения, составленного в процессе анализа.

The article discusses the issues of developing students understanding of space. By solving questions and helping to use different kinds of calculations by imagining objects in the space.

Мектеп оқушыларының кеңістікті қабылдап, оны көз алдына елестете алуы стереометрияны оқытудың негізгі мәселелерінің бірі болып саналады.

Осы айтылған мақсатты іс жүзіне асыруда кеңістіктегі салуға берілген есептерді шешудің зор мәні бар. Геометриялық салулар теориясы – салуды негіздеу, есептерді кластарға жіктеу, есеп шешу әдістері, белгілі бір класқа жататын есептерді шешу критерийі, салу есептерін шешкенде барынша жай әдістерді тиімді қолдану сияқты мәселелерді қарастырады.

Салуға берілген стереометрия есептері *талдау, салу, дәлелдеу және зерттеу* сияқты төрт кезеңнен тұрады. Талдау – бір бүтінді, құрамды бөліктерге жіктейтін, әр бөлікті жеке қарастыратын зерттеу әдісі. Ол салу есебін шешудің жоспарын табуға мүмкіндік тудырады. Талдау – есеп шешудің барынша маңызды кезеңі. Есепке дұрыс жүргізілген талдау – есепті шешу жоспарын дұрыс құрастырудың кепілі. Салу есебіне талдау жасағанда сызба басты рөл атқарады. Сонда есеп шартын, сызбадағы элементтердің өзара орналасуына барынша басынан аяғына дейін талдау жасалады, есеп шартында берілгендер мен іздеген элементтер арасында байланыс орнатылады. Есептің салу кезеңінде салу есебіне қолданылатын аксиомаларды, теоремаларды, қосымша қарапайым салуларды дәл көрсету керек. Дәлелдеу кезеңі есеп шешімінің дұрыстығына күдік туғанда қажет болады. Салу есебін зерттеу кезеңінің өзіндік маңызды ерекшелігі бар. Ол қандай шарттар орындалғанда есептің шешуі бар болады және неше шешімі бар деген сұрақтарға жауап береді. Сонымен бірге, зерттеу кезеңі кеңістік елесті дамытуға мүмкіндік туғызады. Салуға берілген алғашқы есепті шығарғанның өзінде есепті шешудің кезеңдерін (талдау, салу, дәлелдеу, зерттеу) дәл анықтап бөлу керек.

Кеңістіктегі салуға берілген есептерді шешудің негізгі әдістері: *аксиоматикалық әдіс, проективтік әдіс, геометриялық орындар әдісі*.

Аксиоматикалық әдістің негізгі мәні есепті шешу кезінде салудың өзі орындалмайды, салуға берілген есеп элементар салуларға келтіріледі, кейін бұлардың бәрін бірге қарастыруға болатындай түрдегі барлық жай амалдар қарастырылады. Салу есебінде көрсетілген амалдар кейде *аксиомалар* деп, ал есепті шешу әдісі *аксиоматикалық әдіс* деп аталады. Аксиоматикалық әдіс оқушылар санасында кеңістік туралы түсініктің, логикалық ойлаудың дамуына барынша терең және берік теориялық білім алуға, әсіресе белгілі бір салуларға түсінік беретін стереометрияның алғашқы теоремаларын үйренуге мүмкіндік туғызады.

Проективтік әдіс (проекциялық сызба әдісі). Егер ерекше проекциялау ережесі бойынша геометриялық денелердің кескінін пайдалануға мүмкіндік болса, онда ол есепті сызбалық құралдың көмегімен барлық салу жұмысын орындауға болады. Мұндай кескін геометриялық денені бір жазықтыққа проекциялау жолымен алынады және *проекциялық сызба* деп аталады, ал есепті шешу әдісін «проекциялық сызбада салынатын есеп» деп атайды.

Геометриялық орындар әдісіне тоқталсақ, кеңістікте элементтердің геометриялық орындарын табуға берілген кез келген есепті салу есебі ретінде тұжырымдауға болады. Кеңістіктегі геометриялық орындар әдісімен салуға берілген есептерді шешудің мәні төмендегі мәселелер арқылы сипатталады. Әуелі есептегі берілген шарттардың біреуінен басқасын ескерусіз қалдыра тұрамыз. Өзіміз әдейі тандап алып қалаған бір ғана шартты қанағаттандыратын нүктелер жиынын қарастырамыз. Бұдан әрі есептің екінші шартын қанағаттандыратын нүктелер жиыны қарастырылады және т.с.с. Біз қарастырған барлық жиындардың қиылысуы есептің шешімі болады. Кеңістіктегі салу есептерін шешудің тек үш әдісін қарастырдық. Кеңістікте салуға берілген есептерді шешудің басқа да әдістері бар. Есептер шешудің бір немесе басқа әдісін тандап алу шешілуге тиісті есептің сипатына, есеп шығарушының дайындық дәрежесіне, т.б. байланысты. Күрделі есептерді шешу кезінде көбінесе бір мезгілде бірнеше әдіс қатарынан қолданылады.

Кеңістіктегі салуға берілген есептерді шешуге мысалдар қарастырайық.

1-мысал. Берілген a және b түзулеріне параллель, берілген A нүктесінен өтетін жазықтық жүргізу керек.

Талдау. Іздеген жазықтық a түзуіне параллель a_1 түзуі арқылы өтуі керек. Дәл осы сияқты іздеген жазықтық b түзуіне параллель b_1 түзуі арқылы өтуі керек. a_1 және b_1 түзулері A нүктесі арқылы өтуі керек.

Салу. 1. A нүктесі және a түзуі арқылы β жазықтығын жүргіземіз.

2. β жазықтығында A нүктесі арқылы a түзуіне параллель a_1 түзуін жүргіземіз.

3. A нүктесі және b түзуі арқылы γ жазықтығын жүргіземіз.

4. γ жазықтығында A нүктесі арқылы b түзуіне параллель b_1 түзуін жүргіземіз.

5. a_1 және b_1 түзулерінен бір-бірден M және N нүктелерін тандап аламыз.

6. A , M , N нүктелері арқылы іздеген a жазықтығын жүргіземіз.

Дәлелдеу. 1. Салуымыз бойынша $a_1 \parallel a$ және $a_1 \in \alpha$, яғни, $a_1 \parallel \alpha$.


2. $b_1 \parallel b$ -бұл салуымыз бойынша және $b_1 \in \alpha$. Демек, $b_1 \parallel \alpha$.

3. $A \in a_1$ және $A \in b_1$. Сонда, $A \in \alpha$.

Зерттеу. A нүктесінің a немесе b түзулерінде жатуына тәуелсіз есептің әрқашан шешімі болады. Егер a мен b түзулері параллель болмаса, онда есептің бір ғана шешімі бар болады. Ал $a \parallel b$ болса, онда есептің сансыз көп шешуі бар болады.

2-мысал. Әртүрлі A және B нүктелерінен бірдей қашықтықта жатқан кеңістіктегі барлық нүктелердің геометриялық орындарын табу керек.

Талдау. М нүктесі (1-сурет) іздеген нүктелердің геометриялық орындарының бірінде жатсын. $MA = MB$ болғанда М нүктесі ρ жазықтығында жатады. М нүктесінен АВ-ға перпендикуляр және оның ортасы С нүктесінен өтетін түзу жүргіземіз. Сонда есепті шешу АВ кесіндісінің ортасынан өтетін және оған перпендикуляр ρ жазықтығын салуға келіп тіреледі.



1-сурет


1. А және В нүктелерін қосамыз.
2. АВ кесіндісінің ортасы С нүктесін табамыз.
3. АВ кесіндісінің ортасы С нүктесінен АВ-ға перпендикуляр m және n түзулерін жүргіземіз.
4. m және n түзулерінің бойынан М және N нүктелерін аламыз.
5. С, М және N нүктелерінен өтетін ρ жазықтығын саламыз.

Дәлелдеу. М нүктесін С, А және В нүктелерімен қосамыз. Салуымыз бойынша $\rho \perp AB$ және $AC = BC$, бұдан $\triangle ACM = \triangle BCM$. Осы үшбұрыштардың теңдігінен $MA = MB$ теңдігі шығады. Сонымен ρ жазықтығы іздеген нүктелердің геометриялық орны.

Зерттеу. АВ кесіндісінің ортасынан осы АВ-ға бір ғана перпендикуляр жазықтық жүргізуге болатындықтан, есептің бір ғана шешімі бар.

3-мысал. Барлық төрт қабырғасы және қарама-қарсы екі қабырғасының орталарын қосатын кесінді берілген жағдайда ABCD төртбұрышын салу керек (2-сурет).

Талдау. ABCD – ізделген төртбұрыш, EF – АВ және DC қабырғаларының орталарын қосатын кесінді болсын. AD қабырғасын параллель жылжытып ED_1 және BC қабырғасын параллель жылжытып EC_1 жағдайына келтіреміз, сонда $DD_1 = AE$, $DD_1 \parallel AE$; $CC_1 = BE$, $CC_1 \parallel BE$, шарт бойынша $DF = CF$.



2-сурет

Демек, $\triangle DD_1F = \triangle FC_1C$ (екі қабырғасы және олардың арасындағы бұрышы бойынша тең). Бұл үшбұрыштардың теңдігінен шығады:

$$\triangle DFD_1 = \triangle CFC_1.$$

Сонда, D_1 , F және C_1 – нүктелері бір түзудің бойында жатады. D_1EC_1 үшбұрышында екі қабырғасы мен үшінші медианасы белгілі болғанда оны салуға болады. Бұдан соң үш қабырғасы бойынша $\triangle DD_1F$ және $\triangle FCC_1$ үшбұрыштарын салып, $DAED_1$ және $BE C_1C$ параллелограмдарын салуға болады. Бұдан соң A және B нүктелері анықталады.

Салу. DEC_1 үшбұрышын $D_1E = AD$ және $CE_1 = BC$, сондай-ақ EF медианасы бойынша саламыз. Бұл үшін ең алдымен $2EF$, ED_1 , EC_1 үш қабырғасы бойынша үшбұрыш салып, оны параллелограмға дейін толықтырамыз. Осы параллелограмның жартысы D_1EC_1 – үшбұрышы болады. Қабырғалары $\frac{1}{2}DC$ және $\frac{1}{2}AB$ болатын өзара тең үшбұрыштар D_1F және FC_1 кесінділеріне салынады. Бұлар арқылы D және C нүктелерін саламыз. $DAED_1$ және $BE C_1C$ параллелограмдарын салып, A және B нүктелерін табамыз.

Дәлелдеу. $ABCD$ төртбұрышы – ізделген төртбұрыш, себебі ол есептің барлық шарттарын қанағаттандырады. DF және FC бір түзудің бойында жатыр, себебі $\angle DFD_1 = \angle CFC_1$ және DF_1 және C_1F бір түзудің бойында жатыр.


Зерттеу. ED_1C_1 үшбұрышын салу үшін $2EF < AD + BC$ және $2EF > |AD + BC|$ шарттарының орындалуы қажетті, ал $\triangle DD_1F$ және $\triangle FCC_1$ – салу үшін

$$D_1F < \frac{1}{2}(AB + CD) \text{ және } D_1F > |AB + CD|$$

шарттары орындалуы қажетті. Егер бұл шарттар орындалса, онда есептің бір ғана шешімі бар болады.

4-мысал. Берілген екі сфераға жанасатын сфера салу керек. Сфералардың жанасу нүктелерінің бірі берілген.

Талдау. Берілген сфералардың центрлері және берілген нүкте арқылы жазықтық жүргіземіз. Егер проекциясы салынған жазықтыққа параллель болатын жазықтық таңдап алсақ, онда параллель проекциялау нәтижесінде мынадай сызба аламыз (1-сурет). O_3 – іздеген сфераның центрі болсын, онда $O_3A = O_3B$; O_3A -ны созып, $O'_2A = O_2B$ теңдігі орындалатындай етіп, O'_2 нүктесін табамыз; O'_2 нүктесі мен O_2 нүктесін қосып, $O_2O'_2O_3$ теңбүйірлі үшбұрышын аламыз; $O_2O'_2$ қабырғасының ортасы M нүктесі, O_3 нүктесі m және n түзулерінің қиылысу нүктесі.



3-сурет

- Салу.* 1. O_1 ; O_2 және A нүктелері арқылы α жазықтығын саламыз.
 2. O_1 және A нүктелері арқылы n түзуін жүргіземіз.
 3. n түзуінің бойынан A нүктесінен бастап O_1 нүктеге қарай ұзындығы R_2 -ге тең кесіді өлшеп алып, оның соңғы нүктесін O'_2 деп белгілейміз.
 4. O_2 және O'_2 нүктелерін қосамыз, $O_2M = O_2M$ шарты орындалатындай M нүктесін аламыз (мұндағы M).

5. α жазықтығында $t \perp O_2O'_2$ жүргіземіз.

6. n және t түзулерінің қиылысу нүктесі O_3 -іздеген сфераның центрі.

Дәлелдеу. 1. $O_3O'_2 = O_3O_2$, себебі салуымыз бойынша $O_3M \perp O'_2O_2$ кесіндісінің ортасы.

2. Салуымыз бойынша $AO'_2 = BO_2$.

3. Демек, $AO_3 = BO_3$, яғни O_3 -іздеген сфераның центрі болып табылады, ал AO_3 -іздеген сфераның радиусы.

Зерттеу. Егер екі сфера A нүктесінен жүргізілген жанаманың бір жағында орналасса, онда іздеген сфера берілген сфераны іштей жанайды, ал қалған жағдайларда сырттай жанайды.

Кеңістікте салуға берілген есепті шешуге кірісуден бұрын материалдың теориялық жағын меңгеріп алу қажет. Егер кеңістікте салуға берілген есептердегі

негізгі амалдар, яғни онда ұсақ бөліктерге бөлінетін негізгі қарапайым салулар түгел орындалса, онда кеңістіктегі кез-келген геометриялық салу орындалады деп есептеледі.

УДК 37.037.1

АНАЛИЗ ПРИОРИТЕТОВ В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ И СОДЕРЖАНИИ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Е.В. Бронский

Мақалада оқушылардың дене тәрбиесінің бағыты және әртүрлі мемлекеттердің оқу бағдарламасы мазмұнына өзгеріс енгізу мәселелері қарастырылған. ҚР-да жалпы орта білім берудің 12 жылдық оқытуға көшуіне байланысты білім процесінде жеке бағдар беру және денсаулық сақтау бабы анықталса, бұл зерттеу өте маңызды болып табылады.

Зерттеу мәселелері мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайту, қазіргі кездегі білім беру жүйесі арасындағы кемістілікті шешу болып отыр. Дене шынықтыру сабағының сауықтыру тиімділігі аптасына үш сағат мөлшерінде кейде болғандықтан, оқушылар азғасына қазіргі кездегі өмір және оқу үрдісін ұйымдастыру жағдайында қойылатын талаптар деңгейінен артта қалуда.

Міндетті түрде мектепте үш дене шынықтыру сабағын енгізумен міндеттер толық шешілмейді, біріншіден, оқушылардың денсаулық деңгейін жақсарту мәселесі. Дене тәрбиесін экстенсивті дамыту жолы – сабақ ішкі мазмұны мен беталысын өзгертпей, механикалық көбейту – ол мемлекеттік қаржыны бос шығындау.

In article the question of change of priorities in physical training of school students and contents of training programs of the various countries is considered. Due to the forthcoming transition of the secondary general education on 12 – summer training in which, one of defining is the personal focused and zdorovyeberegayushchy approaches in educational process, this research is very timely.

The problem of research consists in contradiction permission between need of preservation and strengthening of health of school students and imperfection of a modern education system for a question of health protection of pupils. The improving effect of lessons of physical culture in volume of three (especially two) hours per week lags behind level of the requirements shown by conditions of modern life and the organization of educational process to an organism of school students. Three lessons of physical culture give only 15–17%, and two lessons and that are less, 10–12% of week volume of impellent activity. To increase improving efficiency of lessons of

physical culture possibly only at the expense of innovative approaches, in particular, the personal focused educational orientation.

In this regard a certain interest historically represents the analysis of priorities in physical training and contents of training programs on physical culture of school students of the former Soviet Union and some other the countries.

Программа психолого-педагогических исследований Павлодарского государственного педагогического института на 2011–2015 годы предусматривает разработку темы «Теоретико-методологическое обеспечение системы непрерывного образования Павлодарского региона». В рамках этой программы факультет физической культуры и спорта в соответствии со спецификой определил направление исследования, которое звучит как «Инновационная здоровьесберегающая направленность физического воспитания и спорта школьников и учащейся молодежи». Целью исследования является разработка научно-методического сопровождения физического воспитания детей и учащейся молодежи. Приоритетной задачей исследования определена разработка концептуальных основ содержания физического воспитания с составлением учебной программы для школьников Павлодарского региона.

Современный этап развития казахстанского общества характеризуется сложными социально-экономическими изменениями, вызывающими адекватные изменения нравственных, поведенческих, ценностно-ориентированных основ личности. Наиболее уязвимой и незащищенной социальной категорией населения является подрастающее поколение и молодежь. Особую озабоченность в этом плане вызывает состояние здоровья детей и школьников – важной составляющей здоровья нации.

За последние десятилетия в экологически неблагоприятных условиях проживания Павлодарского Прииртышья уровень здоровья детей и подростков катастрофически снизился (статистические материалы Министерства здравоохранения РК). В регионе широко распространены болезни органов дыхания, кровообращения, нервной, пищеварительной и костно-мышечной системы. Экспериментальные данные свидетельствуют о том, что у 40% школьников отмечаются первичные признаки остеохондроза [1].

В средней общеобразовательной школе физическая культура является базовой областью образования и призвана закладывать у учащихся основы физического и духовного здоровья [2–5].

Обязательное введение третьего урока физической культуры в школах РК не решило в полной мере поставленных задач, в первую очередь, повышение уровня здоровья учащихся. Экстенсивный путь развития физического воспитания – меха-

ническое увеличение количества уроков без должного изменения их внутреннего содержания и направленности – пустая трата государственных средств.

В связи с предстоящим переходом среднего общего образования на 12-летнее обучение, в котором одним из определяющих является личностно-ориентированный и здоровьесберегающий подходы в образовательном процессе, данное исследование является весьма своевременным.

Проблема исследования заключается в разрешении **противоречия** между необходимостью сохранения и укрепления здоровья школьников и несовершенством современной системы образования в вопросе охраны здоровья учащихся. Оздоровительный эффект уроков физической культуры в объеме трех (тем более двух) часов в неделю отстает от уровня требований, предъявляемых условиями современной жизни и организацией учебного процесса к организму школьников. Три урока физической культуры дают лишь 15–17%, а два урока и того меньше, 10–12% недельного объема двигательной активности. Повысить оздоровительную эффективность уроков физической культуры возможно только за счет инновационных подходов, в частности, личностно-ориентированную образовательную направленность.

В этой связи определённый интерес в историческом плане представляет анализ приоритетов в физическом воспитании и содержании учебных программ по физической культуре школьников бывшего постсоветского пространства и ряда других стран.

Многие десятилетия отношение общества к физическому воспитанию, физической культуре формировалось под влиянием политических и идеологических факторов. Предназначение физического воспитания во многом определялось политической ориентацией государства, а ценности физической культуры и спорта служили во многом целям идеологической борьбы [6].

На различных этапах развития общества приоритеты в физическом воспитании многократно меняли свою направленность. Это легко можно проследить через анализ содержания учебных программ по физическому воспитанию школьников СССР, СНГ, России, Казахстана.

Первая Российская программа ФВ, созданная в 1889 году, была нацелена на освоение воинских дисциплин и активно воздействовала на особенности прикладных свойств личности занимающихся [7]. Такая направленность сохранялась до двадцатых годов прошлого столетия. Последующие школьные программы СССР (1932, 1948 гг.) хотя и имели «гигиенический уклон», в них ярко прослеживается утилитарная направленность на подготовку к трудовой деятельности и вооруженной защите Отечества. Основное значение в связи с включением в программу элементов спорта отводилось выполнению нормативных требований. Страна по-

бедившего социализма со всех сторон была окружена врагами, имела громадную армию, испытывала большие трудности в экономическом развитии, но провозгласила благородную цель – гармоничное развитие личности [8,9]. С введением комплекса ГТО, а затем БГТО физическая подготовка вышла на первое место.

В последующие годы (1954) школьные программы освобождаются от военной направленности. В них особо подчеркивалось значение двигательного опыта и необходимость обучения учащихся разнообразным двигательным действиям. В качестве ведущих задач школьной физической культуры были названы образовательные. Решению идеологических целей служила корректировка задач ФВ с учетом выхода советских спортсменов на международную арену [10].

В программах 1975, 1978 годов акцент направленности задач начал смещаться с образовательного приоритета, т. е. «обучение навыкам основных видов спорта» в сторону приоритета оздоровительного – повышение кондиционных возможностей школьников – «систематическое воздействие» на воспитание физических качеств. Сложные элементы спорта постепенно исключаются из программ, усиливается кроссовая подготовка. Приоритеты в ФВ сдвигаются в сторону личности [11,12].

Результаты медицинских обследований, проведенные в СССР, в последующие годы выявили очень низкий уровень здоровья, физического развития и физической подготовленности детей и школьников. Это вынудило специалистов обратиться к разработке новой программы с другими целевыми установками. В 1985 году была принята, а в 1987 году усовершенствована «Комплексная программа по ФВ для учащихся I–XI классов». К сожалению, в ней не было заложено ни нового концептуального подхода, ни радикальных изменений. Не был смещен акцент в решении задач в сторону оздоровления, программа комплексно объединила различные формы двигательной активности школьников. В то же время достоинством программы явилась реализация принципа непрерывности процесса физического воспитания [13].

Анализ учебных программ некоторых стран СНГ говорит о комплексном решении задач с приоритетом оздоровительных [14–16]. В этом плане особое место следует выделить программе Республики Беларусь, в которой решению оздоровительной задачи придается очень большое значение в связи с последствиями Чернобыльской катастрофы.

А.К. Кульназаров утверждает: анализ школьных программ в историческом аспекте показал, что в прежние годы главное внимание в них сосредоточено в основном на проблеме физической подготовленности учащихся, а проблема укрепления здоровья уходит на второй план [17].

В учебных программах стран Западной Европы, а также США, Японии нет единого подхода в выборе приоритетных задач физического воспитания, но реше-

нию оздоровительной задачи отводится значительное место [18–20]. Одновременно с этим Президент ФИЕП (Совет по спорту Великобритании) К. Джон высказывает опасение, что многие школьные программы ФВ во всем мире в настоящее время находятся в глубоком кризисе [17, с. 4].

Анализ учебных программ по физическому воспитанию школьников суверенного Казахстана (1993–2008 годы) показывает, что в них учтены ошибки всех ранее рассмотренных программ и приоритетной задачей является «укрепление здоровья на фоне постоянного повышения физической работоспособности и содействие нормальному физическому развитию [5, с.4; 21].

Учитывая неудовлетворительное состояние уровня здоровья детей и подростков вследствие экологической катастрофы в Приаралье, последствий испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне, экологических кризисов в городах Кызылорда, Байконур, в высокоиндустриальных городах Павлодара и Усть-Каменогорска, составители программ выдвинули в качестве главной задачи оздоровление школьников средствами физической культуры и спорта.

Программный материал состоит из двух частей: базовой и вариативной. Базовый компонент является основой государственного стандарта общеобразовательной подготовки в сфере физической культуры. На базовую часть в течение учебного года отводится при двух уроках физической культуры 48 часов, при трех – 77 часов.

Вариативная часть программы обусловлена необходимостью учета региональных особенностей, материальной базы школы, возможностей учителя и интересов учащихся. Особое значение отводится урокам по интересам, способствующим формированию сознательной активности, самостоятельности, развитию личной инициативы учащихся. В учебном году на вариативную часть программы отводится при двух уроках 20 часов, при трех – 25 часов [5, с. 42; 21, с.11].

Не подлежит сомнению, что практический материал программы, предложенный ее авторами, в первую очередь, направлен на оздоровление учащихся. В то же время известно, что для поддержания и повышения уровня здоровья большое значение имеет не только выполненный объем двигательной активности, но и ее содержание. Данной проблеме посвящено большое количество научных работ. В большинстве из них предлагается заниматься физическими упражнениями аэробной направленности (быстрая ходьба, бег, передвижение на лыжах, плавание и т.д.) 3–4 раза в неделю, не менее 15–20 минут, при ЧСС не ниже 140 уд/мин.

Аэробные упражнения относятся к таким видам физической нагрузки, когда потребность в кислороде обеспечивается в процессе ДА в течение продолжительного времени. Выполнение их предъявляет организму требования, заставляющие

увеличивать потребление кислорода, в результате чего происходят благоприятные изменения в мышцах, легких, сердце, сосудистой системе [22].

Для школьников, в зависимости от возраста, оптимальной будет нагрузка с интенсивностью 140–160 уд/мин. в течение 10–15 минут. Систематическое выполнение подобной нагрузки при трехразовых уроках в неделю дает высокий кумулятивный эффект, т. е. накопляемость положительных изменений в функциях и системах организма. При двухразовых занятиях в неделю кумулятивный тренировочный эффект (КТЭ) наблюдается значительно меньше. Связано это с тем, что между уроками физической культуры зачастую бывает перерыв длительностью 48–96 часов. При нерационально составленном расписании, когда между уроками бывает более четырех дней, след от предшествующей тренировочной нагрузки не остается, следовательно, не будет КТЭ. Двухразовые уроки физической культуры (при правильной их организации) могут только поддерживать достигнутый уровень здоровья, но никак не повышать и улучшать, что характерно для трех занятий в неделю [23].

Анализ программы по физической культуре РК (2008 г.) показал, что, согласно классификации, предложенной К.Купером [22, с.75], из упражнений аэробной направленности в ней отсутствует только езда на велосипеде. Содержание базовой части для учащихся 5, 7, 9 классов включает в себя выполнение циклических упражнений на уроках легкой атлетики – бег 2000–3000 м; передвижения на лыжах 2000–4000 м; кроссовая подготовка – 1000–1800 м; плавание, комплексы упражнений ритмической гимнастики. Для определения уровня аэробной выносливости в программе предусмотрен тест Купера (шестиминутный бег), по результатам которого можно судить о работе функциональных систем организма.

Имея разработанную программно-нормативную базу, в Республике Казахстан проблема оздоровления школьников по-прежнему решается недостаточно эффективно.

Как правило, физическое воспитание школьников направлено лишь на двигательный, биологический компонент: формирование двигательных умений и навыков, развитие физических качеств, выполнение контрольных нормативов. Тогда как формирование потребности в занятиях физическими упражнениями в интересах всестороннего развития личности, выработке ценностных ориентаций, убеждений, привычек, т. е. духовный, интеллектуальный компонент отсутствует.

Физическое воспитание в общеобразовательной школе является неотъемлемой частью формирования общей культуры личности, системы гуманистического воспитания учащихся [5, с.3–4].

Эта учебная дисциплина, обязательна для всех типов общеобразовательных школ, предусматривается учебными планами, включается в учебное расписание

обязательных занятий, в течение всего периода обучения в объеме не менее двух часов в неделю.

Урок физической культуры – основная форма физического воспитания в общеобразовательных школах. Важнейшее требование к уроку: обеспечение дифференцированного подхода к учащимся с учетом их здоровья, уровня физического развития и двигательной подготовленности, достижение высокой моторной плотности, динамичности, образовательной и инструктивной направленности, формирование у школьников навыков и умений самостоятельных занятий физической культурой [5, с.4].

На уроке физической культуры в комплексе должны решаться образовательные, оздоровительные и воспитательные задачи. Постановка задач урока физической культуры подобна и для большинства зарубежных стран [24].

Несмотря на различные подходы в решении проблемы ДА школьников на уроках физической культуры, в настоящее время наметились два основных направления.

Первое направление – *экстенсивное* – увеличение количества уроков в неделю и повышение моторной плотности занятий. В зарубежных странах введены или предпринимаются попытки увеличения обязательных уроков физической культуры до 3–5 раз в неделю [25]. Встречаются и противоположные мнения, что одного урока физического урока вполне достаточно, чтобы противостоять гиподинамии [20, с.14].

Второе направление – *лично-ориентирующее и творчески деятельное*. *Лично-ориентирующее* направление реализуется через сообщение теоретических знаний по физической культуре и спорту. *Творчески деятельное* состоит в повышении целенаправленности обучения и усиления мотивации занятий физической культурой и спортом, применения активных и творческих методов и форм обучения [26].

На наш взгляд, второе направление является наиболее перспективным в решении организации и содержания урока физической культуры школьников, проживающих в экологически неблагоприятных условиях Павлодарского региона.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден арылуға, тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау – олардың кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Ақпараттық технология – бұл:

1. Объекті үрдісінің немесе құбылыс күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын үрдіс;

2. Ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы.

Коммуникация – байланыс, мәліметтерді жеткізу – ақпаратты тасымалдап жеткізу. Әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – студенттің оқу-танымдық әрекетін басқарудың негізгі бір буыны ақпараттық-коммуникативтік технологияны таңдау. Білім мазмұны студенттер негізінен оқулық немесе электрондық оқулық арқылы беріледі. Сондықтан адамның құндылығы, құндылық қасиеттері, оның іс-әрекетінің нәтижелері арқылы бағаланады.

Қазіргі білім жүйесінің дәстүрлі білім жүйесінен айырмашылығы оның техникалық жүйесінің өзіне тән болуымен ерекшеленеді. Классикалық мектеп негізінен «бетпе-бет» және баспа материалдары арқылы оқытады.

Қазіргі білім жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технология кеңінен қолданылады. Жоғарғы оқу орындары және басқа мекемелердегі оқу үрдісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияны қолдану білім жүйесіндегі күрделі мәселелерді тиімді шеше алады, егер техниклық жүйеде, экономикалық және шын мәнінде теориялық және әдістемелік негізге әсер етеді. Бұл дегеніміз – жаңа технологиялар. Қазіргі кезде педагогикалық технологияларды жүйелі пайдалану, оқыту мен тәрбиелеу процесін тиімді және жеке ұйымдастыруға тырысудан туындайды.

Педагогикалық оқыту технологияларын, оның түрлерін тиімді, дұрыс түсіну үшін бұл ұғымның теориялық аспектілерін толық түсінуді қажет етеді.

«Технология» деген ұғым тек өндірісте ғана емес, қазіргі кезде педагогикалық теория мен практикаға толығымен енді («технология» грек тілінен аударғанда «techne» – өнер, шеберлік, «logos» – оқу деген мағынаны білдіреді).

Педагогикалық инновация – тұтас білім беру жүйесінің, оның жеке бөлімдерінің компоненттерінің сипаттамасын жақсартатын және жаңалықтардан тұратын мақсатты өзгерістер. Бұл – жаңалықты меңгеру үрдісі.

Жаңа педагогикалық технологияларды қолданудағы ерекшеліктер мәселесін қозғай келе, мектеп практикасында қолданылатын әдіс-тәсілдер жалпыға бірдей формалар біркелкі, стандартты болмауы керек. Көп жылдар бойы қалыптасқан үлгілер мен сызбалардың шегінен батыл шығып, оқу процесін ұйымдастырудың догматикалық тәсілінен диалектикалық тәсіліне көшу керек деп ойлаймын.

И. Талызинаның пікірі бойынша, педагогикалық технологияның басты мақсаты іс жүзінде дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын ең тиімді әдістерді анықтау болып табылады. Педагогикалық технология оқыту үрдісін ғылыми жүйелеу бағытында, яғни оқыту тәжірибесінде қолданылатын ғылыми негізделген талаптар жүйесі болып табылады.

Шетелдік педагогикада «педагогикалық техника» және «педагогикалық технология» терминдері бір-бірінің орнына қолданыла береді. Сөйтіп, ол аталған осы ұғымдардың мән-мағынасын ашуды қиындатады.

Көптеген шетелдік ғалымдар технология деп оқытудың объективті факторларының жиынтығын қандай да бір үрдісте нәтижеге жету құралы ретінде қарастырады. Мәселен, поляк педагогы Ф. Янушкевич оқыту технологиясының мағынасын ашқанда, төмендегідей анықтама берген: «оқыту технологиясы деп ғылыми ұстанымдар жүйесі қолданыс табатын бағдарламаланған оқыту үрдісін айтады және оқу мақсатына жетуге бағытталған оқу тәжірибесінде қолданылады, көбіне оқытылатын пәнге емес, оқушыларға бағытталады, оқыту әдістері мен тәсілдерін сынақтан өткізуге, эмпирикалық талдау жасауға және оқытуда аудиовизуальды құралдарды кеңінен қолдануды талап етеді, оқыту теориясын оның практикасымен өзара бірлікте қарастырады».

Қазіргі кезде қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы негізінде ғаламдық ақпараттық үдерістерге ілесуінің мәні өте зор болып отыр. Соған орай, ақпараттандырудың ықпалымен қазіргі қоғамдағы адам әрекеттерінің, сонымен қатар, педагогикалық іс-әрекеттердің барлық аймақтарындағы ақпараттық білімдерді пайдалану арқылы болашақ қоғам құрылымы да нарықтық экономика жағдайына байланысты дамуда. Қоғамды ақпараттандырудың басты мақсаты – білім беру саласы арқылы ақпараттық үдерістерді, құбылыстарды, олардың

арасындағы өзара байланыстарды модельдеу негізінде қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау және болжау, оқу мен практикалық міндеттерді шешудің стратегиясын жасау, мамандардың кәсіптік біліктілігін қалыптастыру, олардың жеке және альтернативті ойлау қабілеттерін дамыту, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың теориясы мен практикасын тереңірек меңгеру. Жоғары оқу орнын бітірушілердің сапасына қойылатын талаптардың өсуі білім беру үдерісіне өзгерістер енгізуге әкелетін ғылыми-техникалық дамудың негізі болып табылады. Қазіргі уақытта іс-әрекетте жоғары сапаға жетуді, өз бетінше негізделген және ықпалды шешім қабылдай алууды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістерін меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес.

Бүгінгі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өндірісте, кәсіпорындарда, құжат өңдеу іс-әрекеттерінде кеңінен қолданылуда, оның қамтитын іс-әрекет саласы зор қарқынмен өріс алуда. Өңделетін ақпараттың көлемі мен күрделілігінің тұрақты өсуіне орай қоғамда оны бейнелеудің жаңа түрлері талап етілуде.

Болашақ мамандардың, соның ішінде кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ақпараттық қоғамның қазіргі дамуында жоғары оқу орындарына қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Ақпараттық қоғам еңбек мазмұнының өзгеруіне сәйкес жылдам бейімделетін, жаңа білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды қысқа мерзімде игеру қабілетіне ие болатын мамандарды қажет етеді.

Қазіргі кезде студенттерді оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жүйесін қалыптастырудың жолдары жетілдірілуде.

Оқу үдерісін мүмкіндігінше сапалы жетілдіру білім беруді ақпараттандыру мен оқыту үдерісінде арнайы әдіс-тәсілдерді тиімді ұйымдастыруға байланысты. Осындай өзекті мәселелерде кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылығын қалыптастырудың маңызды элементі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың құралдары болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп ақпараттармен жұмыс істеуге арналған, яғни ақпараттық үдерістерді басқаруға арналған қазіргі заманғы құрылғылар мен жүйелер түсіндіріледі.

Демек, соңғы кездегі ғылыми және практикалық зерттеулерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адамзат танымының әдіснамалық бағыттағы ең негізгі нысаны болып отыр.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ғылымда және практикада, түрлі білім беру және өндіріс салаларында өз орынын тауып, жоғары оқу орындарының да оқу үдерістерінде кеңінен қолданыс табууда.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану студенттердің ғылыми-танымның қалыптасуына, олардың ойлау мүмкіндіктерінің дамуына, мамандыққа даярлығын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізінде студенттер қазіргі заманғы формальдау, модельдеу сияқты ғылыми таным әдістерін меңгереді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар студент ойлауының формальды-логикалық және жүйелік формаларының дамуына, ғылыми-танымның жаңа әдістерін меңгерулеріне мүмкіндік жасайды. Сондықтан да, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелері қазіргі кезде барлық дерлік саладағы информатика оқулықтарында қарастырылады.

Ақпараттық қоғам жағдайындағы білім беру жүйесінің басты талаптары мен жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелерін ескере отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы, ал оның негізгі техникалық және педагогикалық мүмкіндіктерін дамыту маңызды болып саналады, сонымен қатар, одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Жалпы алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласында, әсіресе болашақ мамандарды құзырлылық парадигма деңгейінде дайындау және олардың бәсекелестік қабілеттерін дамытуда қолдану маңызды қажеттіліктердің бірі болып саналады.

Осы қажеттіліктерге байланысты мынадай іс-әрекеттер орындалуы тиіс: 1) педагогикалық үдерісте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана алатын кәсіби құзырлы педагог дайындау; 2) оқу орындарының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар базаларын үнемі жаңартып отыру; 3) оқу-әдістемелік жұмыстарды білім берудің жаңа құндылық деңгейінде дамыту негізінде жүргізу.

Әдебиет

1. *Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы.* – Астана, 2010. – 148 с.

2. *Алдияров К.Т. Информационно-коммуникационные технологии и личностно ориентированное обучение / К.Т. Алдияров, А.Т. Аймукатов // Материалы международной научно-практической конференции «Тенденции и вызовы глобализации в современном мире: диалог культур».* – Актөбе, 2009. – С. 99–100.

3. *Кручинина Г.А. Формирование готовности студентов педагогических специальностей к использованию новых информационных технологий в образовании и педагогиче-*

ской науке / Г.А. Кручинина // Вестник Нижегородского гос. университета им. Лобачевского Н.И. – Н.Новгород: Изд-во ННГУ, 2011. – С. 151–175.

4. Перова М.В. Информационно-коммуникационные технологии как средство модернизации образования / М.В. Перова // Гуманитарные и социально-экономические науки. Спецвыпуск «Педагогика». – 2006. – №5. – С. 5-8.

УДК 137.02

РЕАЛИЗАЦИЯ ВАЖНЕЙШИХ ПРИОРИТЕТОВ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ РК ПРИ ОБУЧЕНИИ ФИЗИКЕ

М.А. Лигай, Ж.К. Ермакова

Мақалада авторлар физиканың нақты оқытылатын тақырыптары бойынша танымдық қызығушылық мотивациясының ғылыми-әдістемелік жұмыстарын ұсынып отыр. Бұл жұмыстардың мектеп және ЖОО оқыту-тәрбиелеу үрдісінде апробациядан өтуде оң әсері бар екендігі анықталған.

In this paper, the authors present the scientific and methodological developments in motivation of cognitive interest in studied specific topics of physics course which had a positive effect on their testing in the educational process in schools and universities.

Введение в научный оборот понятия «человеческой капитал» стало чрезвычайно важным моментом в изменении взглядов на образование, стала ясна новая миссия образования. Понимание значимости образования и образовательного уровня граждан страны, как стратегического ресурса любого государства, явилось важнейшим фактором реформирования как среднего, так и высшего образования, его адаптации к интеграционным процессам, к быстрому темпу изменений в обществе и приведения в соответствие системы образования стратегическим планам социального и экономического развития страны.

Одним из главных приоритетов в новой образовательной политике РК [1, 2] обозначено повышение качества обучения. И, естественно, это требует совершенствования учебно-методического и научного обеспечения образовательного процесса, создания необходимых условий для разработки, апробации и внедрения инновационных проектов, повышающих качество обучения.

Реализация инновационных подходов на конкретном предметном уровне нам представляется как вариативность и содержания, и методических приемов при обучении, в частности, физике. И, как нам видится, одним из эффективных подходов по развитию и формированию познавательного интереса к фундаментальным наукам, именно к физике, является системная, целенаправленная актуализация практической значимости изучаемых физических законов и явлений, для осознания учащимися их несомненной важности не только для всей цивилизации, но и для каждой личности сегодня, а также в сфере их будущей профессиональной деятельности [3, 4, 5].

Мотив – движущая сила деятельности, следовательно, мотивация и стимулирование познавательного интереса должны стать ведущей идеей в учебно-воспитательной деятельности педагога.

Познавательный интерес определяет положительное отношение учащихся к обучению, в целом, и к изучению отдельных предметов, в частности. Если педагогу удастся пробудить интерес к своему предмету, то создаются предпосылки для самостоятельной творческой работы учащихся – главной цели образовательной политики.

Именно интерес – наиболее действенный мотив учения. Важным средством пробуждения интереса является использование приемов занимательного изложения учебного материала. Занимательность усиливает сосредоточение внимания и эмоциональность восприятия информации, способствует запоминанию. Существует немало приемов интересной подачи учебного материала, изучаемого в физике, наиболее важными и распространенными из них нам представляются следующие:

- примеры из повседневной жизни;
- политехническая направленность;
- неожиданные сопоставления;
- использование МПС;
- экскурсии в историю науки;
- значимость в будущей профессиональной деятельности и др.

В связи с вышеизложенным мы предлагаем к рассмотрению различные приемы мотивации познавательного интереса к изучаемым темам курса физики, имевшие положительный эффект при их апробации.

1. В теме «Закон сохранения импульса – основа реактивного движения, уравнения Мещерского И.В., Циолковского Э.К.» мы делаем акцент на то, что наша страна «космическая держава» – с космодрома Байконур почти ежемесячно взлетают ракеты.

Освоение космоса и подготовка специалистов для успешной работы на космодроме Байконур – одно из стратегических направлений развития нашей страны. Поэтому каждый образованный человек (а не только профессионал в этой области) должен знать принципы реактивного движения, законы, управляющие этим движением, осознать многоаспектную роль спутников для прогрессивного развития любого государства. Уметь оценивать реактивную силу, движущую ракеты, знать, каким образом можно повышать ее. Без особых усилий находить 1-е, 2-е, 3-и космические скорости не только планет Солнечной системы, но и других объектов Вселенной, хорошо представлять экологические проблемы космонавтики и локальные, и глобальные, и др.

Восприятие и понимание студентами формулы Циолковского $\frac{m_0}{m} = e^{\frac{v}{v_{отн}}}$ существенно облегчается, если привести таблицу примеров вычисления по формуле Циолковского:

$v / v_{отн}$	1	2	5	8	10
m_0 / m	2,72	7,39	148	2980	22000

m_0 – начальная масса ракеты, m – конечная масса ракеты, v – скорость ракеты, $v_{отн}$ – скорость истечения газа относительно ракеты.

Затем сделать следующий анализ. Допустим, ракете надо сообщить первую космическую скорость $v \approx 8$ км/сек. При скорости струи $v_{отн} = 1$ км/с отношение $m_0 / m = 2980$, практически почти вся масса ракеты приходится на топливо. Если $v_{отн} = 4$ км/с, $m_0 / m = 7,39$ и т.д.

В современных ракетах на химическом топливе $v_{отн} \approx 1\sim 3$ км/с и не превосходит 4 км/с. Поэтому, как показывают расчеты, ракета не может развить первую космическую скорость. Путь преодоления этой трудности был указан К.Э. Циолковским, предложившим составную, многоступенчатую ракету.

Такая мотивация, как показывает опыт, существенно повышает интерес к теме.

2. *Изучение закономерностей движения жидкости и газов* в теме: «Механика жидкостей и газов» актуализируется раскрытием значимости этой темы, обоснованием её связи со стратегическим направлением развития нашей страны – нефтегазовой отраслью. Необходимость знания закономерностей движения жидкости и газа по трубам при их перекачке из нашей страны и через нашу страну мотивирует познавательный интерес к изучаемой теме, пониманию таких физических характеристик, как вязкость, сила сопротивления, аэродинамический коэффициент, числа Рейнольдса (Re), критические значения: $v_{крит.}$, $Re_{крит.}$ и др.

А, как известно, знания и понимание – основа для развития умений использовать их при решении конкретных практических задач, например, оценить одну из слагаемых уравнения Бернулли – динамическое давление ($P = \frac{\rho v^2}{2}$), соответствующее определенной критической скорости $v_{кр.}$, при этом необходимо прежде определить возможные значения $v_{кр.}$ самому студенту, выбрав исходные данные, близкие к реальным для нашей страны. Такие задания, несомненно, способствуют формированию умений и навыков к самостоятельной, творческой деятельности одной из важнейших целей образования и, в частности, при обучении физике в школе и вузе.

3. Понятие о вакууме и эффузионные процессы в сильно разреженных газах привлекают внимание студентов, когда обосновываешь их значимость и применение, например, для обогащения урана, по запасам которого мы занимаем лидирующее место в мире, его добыча и реализация тоже важнейшая стратегическая составляющая экономики нашей страны – это, во-первых.

Во-вторых, как еще одна мотивация интереса к изучаемой теме, нам представляется обоснованный акцент по применению вакуумных установок при решении чисто прагматических задач, например, в технологических процессах пищевой отрасли для упаковки продуктов, и, как известно, сегодня вакуумные упаковки продуктов находят все более широкое распространение в нашей стране.

В-третьих, что представляет исключительную важность – это использование вакуумных технологий в медицине для создания необходимых термобарометрических условий в лечебных барокамерах и др.

Далее следует отметить, что у многих студентов оказалось весьма примитивное представление о вакууме, что следовало из их ответов на лаконичный вопрос преподавателя: что такое вакуум?

Научное определение понятия вакуум требовало знакомства с такими характеристиками движения газовых молекул, как эффективный диаметр $d_{эф}$, эффективное сечение $\sigma = \pi d_{эф}^2$, длина свободного пробега $\lambda = \frac{1}{\sqrt{2} \pi d_{эф}^2 \cdot n}$ и других общих

характеристик термодинамической системы, от которых зависит величина средней длины свободного пробега молекул λ . Таким образом, выстраивается цепочка мотивов, стимулов для изучения предлагаемой темы, в которой важной физической величиной оказывается длина свободного пробега газовых молекул λ .

Следующий вопрос: какой закон, известный из школьного курса физики, может быть использован для измерений давления сильно разреженных газов? – предполагает активизацию мыслительной деятельности учащихся, стимулирование поисковой познавательной деятельности.

Не менее важны для развития творческого потенциала учащихся задания проблемного и, разумеется, поискового характера: определить уровень давления разреженного газа в мм. рт. ст. для различных значений λ (исходные данные выбрать самому), определить, какова при этом концентрация n молекул газа и т. д.

4. Явления переноса в газах: диффузия, вязкость, теплопроводность – это неотъемлемая среда нашего обитания, это процессы, сопровождающие жизнедеятельность нашего организма, это важные аспекты научных исследований не только естествознания, но и социальных наук, поскольку от этих явлений зависят возможности создания комфортности в социальной сфере – такая актуализация предстоящих к изучению физических явлений нам тоже представляется как мотив, стимул к осознанному изучению законов и уравнений, трактующих эти явления.

Научная значимость этих явлений подчеркивается тем, что все три коэффициента переноса (D , η , χ) зависят от средней длины свободного пробега молекул $\bar{\lambda}$: $D = \frac{1}{3}\bar{\lambda}\bar{v}$; $\eta = \frac{1}{3}\bar{\lambda}\bar{v}_{ea}\rho$; $\chi = \frac{1}{3}\bar{\lambda}\bar{v}\rho c_v$; что дает возможность рассчитать $\bar{\lambda}$ по известным, экспериментально полученным значениям D , η , χ и, кроме того, зная плотность газа ρ , вычислить диаметры молекул.

Как пример, раскрывающий внутрисредственные связи, здесь можно предложить конкретную практическую задачу: оценить $\bar{\lambda}$ для молекул азота атмосферного воздуха при нормальных условиях и определить диаметр d молекул азота.

Практическую значимость явлений переноса мы предлагаем обосновать самим студентам на реальных примерах из собственных наблюдений, используя адекватные рассматриваемым ситуациям закономерности.

5. Еще одна тема «*Электрический ток в жидкостях*» (в частности, электролиз, $m = \frac{1}{F} \frac{A}{Z} It$), известная студентам из школьного курса физики, всегда увязывается нами с бурно развивающейся металлургической промышленностью в нашей стране (Усть-Каменогорск, Жезказган, Темиртау), имеющей адекватно огромные ресурсные потенциалы. Информация о громадных «электролитических ваннах», в которых благодаря электролизу получают чистые металлы, и которые имел возможность видеть твой преподаватель, с большим интересом и любопытством воспринимаются студентами, поскольку и здесь акцент делается на то, что это очень практически важная составляющая развития нашей страны в настоящем и в будущем. Разумеется, мы подчеркиваем и то, что данная тема имеет множество других существенно важных направлений применения: энергетика, экология, искусство, архитектура и т. д.

Все указанные инновационные приемы дают положительный эффект, что подтверждается в процессе текущего и рубежного контроля знаний и умений сту-

дентов, когда почти каждый из первокурсников, с легкостью записывая закономерности, находящиеся вне школьной программы по физике:

$$C_{\text{ээ.а.}} = f(\text{Re}); \text{Re} = \frac{\rho v d}{\eta}; F_{\text{mp}} = -\rho v \lambda \frac{dv}{dx} \Delta S, \lambda = \frac{1}{\sqrt{2\pi d_{\text{yo}}^2} \cdot n}$$

и уравнения Мещерского и Циолковского:

$$m \frac{dv}{dt} = -v_{\text{oi}} \frac{dm}{dt} + F_{\text{a}}; \frac{m_0}{m} = e^{\frac{v}{v_{\text{omn}}}}, \text{ где } F_{\text{p.c.}} = -v_{\text{omn}} \frac{dm}{dt}$$

ясно и четко поясняет их смысл (содержание), назначение, демонстрируя понимание значимости этих и других законов физики для различных сфер научно-технической, производственной и другой деятельности любого современного общества и, естественно, для каждого из нас.

Подобная мотивация познавательного интереса к рассматриваемым темам через ясное, понятное каждому студенту обоснование, раскрывающее её значимость лично для каждого из студентов независимо от области его будущей профессиональной деятельности дают эффективные результаты.

Таким образом, приведенный выше фактический материал нам представляется как реализация Государственной программы развития образования в РК (2010–2015 гг.) на уровне учебного предмета – это [1]:

- обновление содержания и структуры образования,
- внедрение новых педагогических технологий,
- совершенствование учебно-методической работы,
- интеграция образования, науки и производства и т. д.,

что должно способствовать повышению качества обучения на предметном уровне, в частности, при обучении физике в школе и вузе.

Литература

1. Государственная программа развития образования в РК на 2010–2015 гг. // Образование в Республике Казахстан. – 2008. – №1. – С. 206-208.
2. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года // Педагогический вестник. – 2008. – №12. – С. 15-17.
3. Лигай М.А. Инновационная политика РК в области образования как программа инновационной деятельности педагогов физиков / М.А. Лигай, Р.Б. Морзабаева, К.О. Магжанова // Материалы международной конференции. – Кокшетауский гос. университет, 2006. – С. 245-249.
4. Лигай М.А. Новые педагогические технологии как средство реализации инновационных подходов в образовании / М.А. Лигай, Ж.К. Ермекова, Ж.К. Балашова // Вестник ЕАГИ. – 2006. – №1. – С. 196-199.

5. Лигай М.А. Инновационные подходы к обучению и некоторые формы контроля знаний / М.А. Лигай, Ж.К. Ермакова // Материалы 6-й научно-методической конференции. – Астана: ЕНУ, 2005. – С. 180-182.

ӘОК 004:378

КАФЕДРА ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЖҮКТЕМЕСІН БӨЛУ ЖҰМЫСЫН АВТОМАТТАНДЫРУ

Б.Н. Орынбаев

В статье рассматривается одна из актуальных на сегодняшний день вопросов – автоматизация рабочего места. Уделено особое внимание поэтапному созданию автоматизации работ по разделению учебной нагрузки, составленной на основе рабочих учебных планов и типовых планов специальностей в соответствии со стандартом образования РК для студентов, обучающихся по кредитной технологии, и распределения их среди профессорско-преподавательского состава. Известно, что в настоящее время большинство таких работ проводилось вручную, что занимало очень много времени и требовало значительного труда.

Работа по автоматизированному распределению учебной нагрузки кафедры выполняется в три этапа:

1. «Подготовительный этап» – внедрение требуемой информации. Вводится типовой учебный план, затем программа сортирует и выводит рабочие учебные планы и на его основе выделяется учебная нагрузка кафедр.

2. «Распределение учебной нагрузки» – на данном этапе по созданной кафедральной нагрузке распределяется нагрузка среди профессорско-преподавательского состава.

3. «Заключительный этап» – вся созданная ранее документация обрабатывается и готовится к распечатке.

В данной статье подробно рассмотрен «Подготовительный этап». Проект дает широкие возможности для экономии времени, для качественного внесения изменений, а также быстрого и удобного вывода для распечатки. За основу берутся Государственные образовательные стандарты обучения Республики Казахстан.

Этот проект открывает большие возможности и предлагает комплексные решения по автоматизации распределения учебной нагрузки среди профессорско-преподавательского состава.

The article deals with one of the most pressing issues today – automation of the workplace. Paid special attention to the establishment phase of automating the division of workload, compiled

on the basis of job training plans and master plans of specialties in accordance with the standard of education of RK for students enrolled in credit technology, and their distribution among the faculty. It is known that at present the majority of such work was carried out manually, which is very time consuming and require significant labor.

Work on the automated distribution of workload the department is done in three stages:

1. «Preparatory stage» – the introduction of the required information. We introduce a model curriculum, then sorts and displays the program working curricula and on this basis is allocated workload of departments.

2. «The distribution of teaching load» – at this stage, it created a cathedral load, distributedload among faculty members.

3. «Final stage» – all previously created documents processed and prepared for printing.

This article describes how «preparatory phase». The project provides ample an opportunity to save time for the qualitative changes, as well as quick and easy to print out the withdrawal. Taken as a basis for state educational standards of education of the Republic of Kazakhstan.

This project offers great potential and offers comprehensive automation solutions for the distribution of workload among faculty members.

Қазіргі таңда көптеген қызмет салаларында жұмыс орындары автоматтандырылған. Солай дей тұра Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының кафедраларындағы оқу жүктемелерін оқытушыларға бөлу жұмыстары қолмен жүргізіледі, яғни арнайы автоматтандырылған жұмыс орны жоқ. Бұл көлемді ақпаратты өңдеуді, есептеулерді және көп уақытты талап ететін жұмыс.

Компьютердің есептеу, ақпараттарды қабылдау, оны өңдеу және сақтау сияқты мүмкіндіктері оның қоғамымызда араласпайтын саласы жоқ екендігін көрсетеді. Қазіргі кезде барлық қызмет саласын электронды автоматтандырылған жұмыс орындарымен қамтамасыз ету көзделуде.

Кафедраның жүктемесін бөлу жұмысын автоматтандыруға арналған жоба үш бөлімнен тұрады:

1. Дайындық бөлімі – барлық ақпараттарды енгізу. Типтік оқу жоспарын, оқу жұмыс жоспарын іріктеу, оның негізінде кафедра жүктемесін бөліп шығару.

2. Жүктемені бөлу – кафедраға дайындалып бөлінген жүктемені педагогика-профессорлар құрамына бөлу.

3. Қорытынды бөлім – барлық дайындалған құжаттарды баспаға шығаруға даярлау.

Бұл мақалада жобаның бірінші бөлімі бөліп қарастырылады.

Жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін бөлу жұмыстарын автоматтандыру үшін ол кафедраға бөлінген жалпы жүктемені шығарып алуымыз керек.

Жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау, оқу жұмысы түрлері бойынша уақыт мөлшерін есептеу, жоғарғы оқу орындарының оқу жұмысын, олардың түрлерін анықтау Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сүйенеді.

Стандарт нақты мамандыққа арналып, төмендегідей бөлімдерді қамтиды:

- қолдану саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар мен қысқартулар;
- мамандық жөніндегі білім беру бағдарламасының тізбесі;
- біліктілік және лауазымдар тізбесі;
- мамандық бойынша бакалаврлық біліктіліктің сипаттамасы;
- пән циклінің мақсаты бойынша білім берудің негізгі жалпы ұлттық мақсаттары және мақсаттардың иерархиясы;
- оқу бітіруші түлектердің білім деңгейіне қойылатын талаптар;
- мамандық бойынша білім беру бағдарламасының мазмұны;
- мамандық бойынша бакалаврды дайындайтын білім беру ортасына қойылатын талаптар;
- мемлекеттік білім беру стандартын әзірлеуге, өзгертіп-жаңартуға қойылатын талаптар;
- қосымша типтік оқу жоспары.

Жоғарғы оқу орнының профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау осы қосымша типтік оқу жоспарын жетекшілікке ала отырып орындалады.

Мемлекеттік стандарт жалпы білім беретін пәндер, базалық пәндер, кәсіптендіру пәндері, міндетті компоненттер негізінде әр пәннің кредит санын, оқылу мерзімін және бақылау түрлері осы типтік оқу жоспарында ұсынады.

Сонымен қатар, оқытудың қосымша түрлері – практикалар, дене шынықтыру, мемлекеттік аралық бақылау мен мемлекеттік қорытынды аттестацияларды нақты көрсетеді. Педагогикалық жүктемеге әр тарау бойынша таңдау компоненттерінің толық атауларын жоғарғы оқу орындары кеңесінің шешімімен және студенттердің қалауы бойынша белгіленген пәндерді көрсете отырып, жоғарғы оқу орындарының өзі жасауға және кредит саны, өткізілу мерзімі, бақылау түрлері де жоғарғы оқу орындарында нақтыланады. Міндетті пәндер мен әр мамандықтың ерекшеліктеріне сәйкес таңдап алынған пәндер нақтыланып, кредит сандарына сәйкес аудиториялық сағаттар (дәріс, тәжірибе, зертханалық), оқытушының басқаруымен студенттің өздік жұмысы (ОСӨЖ), студенттің өздік жұмысы (СӨЖ), бақылау түрлері нақтыланады. Жоғарғы оқу орындары қабырғасында білім алу

мерзімінің көлеміне сәйкес міндетті компоненттерді ескере отырып, кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеру логикасын бұзбай әр семестрге орналастырамыз.

Оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт мөлшері Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі педагогикалық жүктеме және оны оқыту жұмыстарының негізгі ережелері (ҚР МЖМБС 5.03.015–2009) ресми басылымында осы мемлекеттік жалпыға білім беру стандартымен анықталған мөлшер негізінде жасалады.

Оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт мөлшері жоғарғы оқу орындары Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Мысал ретінде талдағалы отырған жұмыс жоспарымыз аудиториялық сағат саны 129 кредиттен тұрады:

- ЖББП, міндетті компоненттер – 33 кредит;
- БП міндетті компоненттер – 42 кредит;
- БП таңдау бойынша компоненттер – 22 кредит;
- КП міндетті компоненттер – 18 кредит;
- КП таңдау бойынша компоненттер – 14 кредит.

Осы оқу жоспарының негізінде әр кафедраның сағат жүктемесін анықтау мақсатында жылдық жұмыс жоспары құрылады. Жылдық жұмыс жоспарында мамандықтың нақты оқу жылында, нақты оқу тобында оқытылатын пәндері, оқитын кафедра шифрімен анықталады. Жылдық жұмыс жоспарында міндетті және таңдау компоненттерінің пәндерімен бірге, қосымша оқытылатын пәндер және тәжірибеден өту, курстық, дипломдық жұмыстардың орындалуы, күздік, қыстық, жаздық сессиялардың нақты мерзімдері академиялық күнтізбеге сәйкес нақты көрсетіледі.

Енді жобаға келетін болсақ 1-суретте Оқу жоспарын даярлау терезесі көрсетілген. Терезенің төменгі жағында Қазақстан Республикасының білім беру стандартына сәйкес *оқу жоспарын* енгізу бөлімі орналасқан. Мәліметтерді енгізіп болғаннан кейін тінтуірдің оң жақ батырмасын басып, қалқыма мәзірден *есептеу* пунктін таңдасаңыз әр өріс бойынша қосындыларын есептеп тиісті орынға жазды.

2-суретте *оқу жоспарының* негізінде әр курсқа арналған жылдық «Оқу жұмыс жоспары» іріктелініп алынғаны көрсетілген. Бұл іріктеулер әр курстың оқу семестріне байланысты жүргізіліп, таңдалып алынады. Мысалы, 1 курстың «Оқу жұмыс жоспарын» іріктегенде «Оқу жоспарының» 1 семестр және 2 семестр өрістерінде көрсетілген кредит сандарына қатысты сағат сандары есептеліп жазылады. Осы даярланған «Оқу жұмыс жоспарын» бірден MS Excel бағдарламасына көшіріп қарауға және баспаға шығаруға мүмкіндік қарастырылған. Осы жұмыстарды қолмен іріктеп және оны есептеу көп уақыт алатыны белгілі. Ал

Оқу жоспары

Оқу жұмыс жоспары 1 курс Іріктеу

Оқу жоспары

№	Пен атауы	Пен коды	кред	курс.ж.	сын	емт	барлығы	дер	Ауд.с	СПЗ	ЛЗ
Міндетті компоненттер - кредит			33								
1	Қазақстан тарихы	IK 110104	3			2	135	45	30	15	
2	Философия	Fil 210204	3			4	135	45	30	15	
3	Қазақ (орыс) тілі	K(R)Ya 110304	6			1	270	90		90	
4	Шетел тілі	IYa 110404	6			1	270	90		90	
5	Информатика	Inf 110504	3			2	135	45	15	30	
6	Экология және тұрақты даму	EUR 210604	2			4	90	30	15	15	
7	Социология	Soz 210704	2			4	90	30	15	15	
8	Политология	Pol 210804	2			4	90	30	15	15	
9	Экономикалық теория негіздері	OET 210904	2			3	90	30	15	15	
10	Құқық негіздері	OP 211004	2			3	90	30	15	15	
11	Өмір қауіпсіздігі негіздері	OBZh111104	2			2	90	30	15	15	
1 цикл қорытындысы			33	0	0	11	1485	495	165	330	0
Базалық пәндер кредит -			64								
Міндетті компоненттер кредит -			42								
1	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	VPP 120104	1			1	45	15	15		
2	Педагогика	Ped 220204	3			3	135	45	30	15	
3	Этнопедагогика	Etn 220304	2			4	90	30	15	15	
4	Психология және адамның дамуы	PRCh 120404	3			2	135	45	30	15	

1-сурет. «Оқу жоспарын» даярлау терезесі

FormRup

Топ туралы мәліметтер

Excel Топ атауы Курс 1 Іздеу

Кафедра атауы Спорт және денешынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы

Кафедраның 1 жарты жылдық жүктемесін шығару


Кафедраның 2 жарты жылдық жүктемесін шығару

№	Пен атауы	пен коды	кафедра нөмірі	жылдық кредит	Жылдық сағат	ауд.сағ	дәріс	зерт	төж	ОСӨЖ	СӨЖ	аттала	сақ	емт	ауд.сағ	дәріс	төж	зерт	ОСӨЖ	СӨЖ	аттала	сақ	емт	
ЖББП																								
1	Қазақстан тарихы	IK 11010 И-1		3	135										45	30	15		22,5	67,5	3		1	
2	Қазақ (орыс) тілі	K(R)Ya 1103-1-1		6	270	45		45	22,5	67,5	3		1	45		45			22,5	67,5	3			
3	Шетел тілі	IYa 1104 K-3		6	270	45		45	22,5	67,5	3		1	45		45			22,5	67,5	3			
4	Информатика	Inf 1105 T-3		3	135										45	15		30	22,5	67,5	3		1	
5	Өмір қауіпсіздігі негіздері	OBZh111 E-1		2	90										30	15	15		15	45	2		1	
МҚБП																								
1	Педагогикалық мамандық	VPP 1201 П-2		1	45	15	15			7,5	22,5	1		1										
2	Психология және адамның дамуы	PRCh 120 П-1		3	135										45	30	15		22,5	67,5	3		1	
3	Өмір-өзі тауу	Sam 1205 П-1		2	90	30	15		15	15	45	2		1										
4	Жас ерекшелігі психолог.	VFSHG 12 E-1		2	90	30	15		15	15	45	2		1										
ЖБББП																								
1	Жалпы өскері ереже	OUVSRK E-3		3	135	45	30		15	22,5	67,5	3		1										
2	Сағта жүру дабылдаты	SP 12100 E-3		3	135	45	15		30	22,5	67,5	3		1										
МҚББД																								
1	Тағдыр бойынша топтану	E-3		2	90										30		30		15	45	2			

2-сурет. «Оқу жұмыс жоспары» терезесі

бұл бағдарламада ол жұмыс санаулы уақыттар алады, ең басты талап ететіні ақпараттардың дұрыс енгізілуі болып табылады.

«Оқу жұмыс жоспарлары» негізінде кафедра шифрі өрісі арқылы әр кафедраның қысқаша атауы бойынша жүктемесі сұрыпталынып алынады. Кафедраның қысқаша атауы «Кафедралар» атты терезеде енгізіледі. Ол 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. «Кафедралар» терезесі

«Оқу жұмыс жоспары» терезесінде кафедра атауын таңдай отырып, кафедраның 1 және 2 жартыжылдық жүктемесі бөліп шығарылады. Мысал ретінде 4-суретте көрсетілгендей «Спорт және денешынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасы таңдалып, 1-ші жартыжылдыққа E-147 тобының пәндері іріктеліп алынды.

пән аты наименование дисциплины	курс	төп группа	дәрістер лекции	тәжірибелік сабақтар практикеске таптыра	зерханалық сабақтар лабораториялық таптыра	аралас формат семеиналы форумат	өзіндік экзамены	сынақ зерттеу	кеңес консультация	СӨБОЖ СРСЦ	бақылау жұмыс контрольдік жұмыс	курстық жұмыс курстық жұмыс	дип.лоялық жұмыс дипломдық жұмыс	магистрлік жұмыс магистрлік жұмыс	пед.практика	оқу практикасы у.т.б.б.и практика	аспирант, магистр. сабақтары завитияс аспирант. и магистр.	МАК ГМК	кафедра меңгеру руководство кафедрой	барлығы итого
1 Жаппы өсірері ереже	1	E-147	30	15			0,35			22,5										47,5
2 Сағатта жүру дайындағы	1	E-147	15	30			0,35			22,5										47,5
3 Алғашқы өсірері дайында	1	E-147	15	15			0,35			22,5										47,5

4-сурет. «Кафедра жүктемесі» терезесі

Жалпы «Дайындық бөлімінде» осымен қатар жобаға оқытушылар құрамы, топтар және т. б. ақпараттар енгізілуі керек. Бұл жоба бойынша кафедралардағы профессор-оқытушылар құрамына жүктемені бөлуге дейінгі және жүктемені бөлу жұмысы автоматтандырылады. Осы жобаның іске асуы кафедраларға таптырмайтын құрал болып табылады деп ойлаймын.

Әдебиет

1. Каженова Ж.С. Мәліметтер қорын программалау: әдістемелік құралы / Ж.С. Каженова, Б.Н. Орынбаев. – Семей: Интеллект, 2011. – 85 б.
2. Фленов М.Е. Библия Delphi / М.Е. Фленов. – СПб.: БХВ-Петербург, 2004. – 880 с.
3. Сорокин А.В. «Delphi. Разработка баз данных» / А.В. Сорокин. – СПб.: Питер, 2005. – 477 с.
4. Фёдоров А. ADO в Delphi / А. Фёдоров, Н. Елманова. – СПб.: БНВ-Петербург, 2002. – 315 с.
5. Дарахвелидзе П. Программирование в Delphi 7 / П. Дарахвелидзе, Е. Марков. – СПб.: БНВ-Петербург, 2003. – 358 с.

ОӘК 371.307

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЛЫҒЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Д.Ж. Сакенов, К.М. Беркимбаев,
Б.Т. Керімбаева, С.Т. Нышанова**

В статье рассматриваются особенности формирования информационно-коммуникативной компетентности будущих специалистов электроэнергетиков в процессе обучения английского языка, описаны различные факторы и предположения, от которых зависит качество профессиональной подготовки будущих специалистов.

This article deals with the peculiarities of formation of future specialist' informational-communicative competence through teaching English language, also it is said about different factors and the assumptions from which depends the quality of professional preparation of future specialist.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Осы заманғы білім беру

мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажет. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген [1].

Болашақ маманның кәсіби тұлға болуының мәні – әрдайым кәсіби білімін жетілдіріп отыру, тәрбие мен қоғамдағы барлық сұрақтарға жауап іздеу, тыныштық пен қамсыздыққа жол бермеу, қанша қиын болса да, зерделі адам болуға ұмтылу. Қазіргі уақытта «интеллект» түрліше талдау кезеңін бастан кешуде, жаңа мағыналар көбеюде, «ескішілдіктен» құтылу мен оған деген қатынастың болымсыз жақтары көрініс табуда. Қазіргі интеллигентті адамға ақыл мен білім ғана қажет емес, жаңа кезеңнің күрделілігіне сай бола алатындай ақылгөйлік керек. Бұл болашақ маманға қоғамның кез келген қарбаласынан шығуына көмек береді, рухани және материалдық мәселелер арасынан жол тауып, өз шешімдеріне жауапкершілікпен қарап, «өз мамандығының нағыз іскері» болуға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарында кәсіби білімді білім қызметін көрсету үдерісі ретінде қарастыруға болады. Экономикалық нарық жағдайында оқу үдерісімен қамтамасыз етуде мемлекеттің басты мақсаты – патриотизм сезімі бар, интеллектуалды қабілеті бар, қоғамның жан-жақты дамыған белсенді тұлғасын тәрбиелеу арқылы қоғамның моральдық және мәдени деңгейін көтеру. Жоғары оқу орнының өнімін қолданушы ретінде өндірістің басты мақсаты – өндірістік үдеріске тиімді жол тауып енетін маманды таңдау. Болашақ маманның өз дайындығының сапасын бағалайтындай қандай мүмкіндіктері бар? В. Логачев бұл мәселені шешудің екі жолын ұсынады [2, 20-25 б]. Біріншісі – маман даярлау дәрежесіндегі талаптардың жалпы жақтары қарастырылған жалпы білім беру стандартына назар аудару. Екінші жол – жоғары оқу орнының бітіруші түлектеріне берілетін мамандықтарға талап етілгендей дәрежеге сәйкес өз-өзіне бақылау жүргізу. Сапа жүйесі жоғары оқу орнының студенттерінің деңгейлерін анықтауды және әрдайым бағалауды практикаға ендіруіне мүмкіндік береді. Болашақ маман дайындаудың сапасы қоғаммен және кәсіби орта талаптарымен тығыз байланысты. Жоғары оқу орнының басты мақсаты – кәсіби және жеке қасиеттері еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын болашақ мамандарды қалыптастыру.

В.Г. Кинелев жазғандай [3, 40-45 б], жоғары оқу орнында болашақ маман даярлауда екі қарама-қайшы тенденцияны есте ұстау қажет, олар – міндетті түрде бірін-бірі толықтырып отыратын негізгі және кәсіби тенденциялар. Қалыптасқан негізгі білім қолайлы жолды, кәсіби маман болудағы арнайы деңгейдің талабына сәйкес практикадан ғана табады. Немесе керісінше, егерде негізгі дайындық жетпесе, кәсіби үдеріс тоқтауы мүмкін.

И.А. Зимняя өз еңбектерінде студенттік уақыт – адамның жалпы тұлғаға айналуының, әртүрлі қызығушылықтарының пайда болу кезеңінің орталығы–деп жазған. Студенттік жас – болашақ «іскер» ретінде адамның қарқынды және белсенді әлеуметтенуі мен интеллекттің қалыптасу уақыты.

Жоғары оқу орнында терең ойлайтын, білімді мамандарын дайындау туралы айта отырып, жаңа заманға лайық маманның негізгі қасиеттерінің кейбіріне тоқтала кеткен жөн: тоқталған шешімдеріне, олардың әлеуметтік және экономикалық салдарына, кәсіптік-этикалық нормаларды сақтауда өз жауапкершілігін түсіну; проблемалық жағдайларды жүйелі талдауды іске асыра білу; белгісіз проблемалық жағдайлардан мақсат тауып, оларды дұрыс тұжырымдау; болжамдар жасау; өз ой инерциясын жеңу; бір мәселе бойынша ғылыми-техникалық ақпаратқа қажетті мақсатты ізденіс жүргізу және т.б.. [4, 384б].

Болашақ электрэнергетик маманның ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастырудың мәні – маманның әрдайым білімін жетілдіріп отыру, тәрбие мен қоғамдағы барлық сұрақтарға жауап іздеу, тыныштық пен қамсыздыққа жол бермеу, қанша қиын болса да, зерделі адам болуға ұмтылу.

Бүгінгі таңда білім беру стандарттары болашақ маман даярлауды құзырлылық термині арқылы түсіндіреді. Құзырлылық (латын тілінен аударғанда) – адамның өте жақсы және терең меңгерген мәселелер жүйесін, танымы мен іс-әрекет тәжірбиесін білдіреді.

Болашақ электрэнергетик мамандардың ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру қоғамның қазіргі дамуында жоғары оқу орындарына қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Қоғам еңбек мазмұнының өзгеруіне сәйкес жылдам бейімделетін, жаңашыл ойлайтын, біліктіліктерді және дағдыларды қысқа мерзімде игеру қабілетіне ие болатын мамандарды қажет етеді.

Кәсіби маманның ептілігін, дағдысын, білімін, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қалыптастыру құзырлылық маңызын аша алады.

Болашақ электрэнергетик маманның ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру мәселесі – күрделі де көпқырлы проблема. Бұл – философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесінде және т.б. гуманитарлық ғылымдарда әр қырынан қарастырылып жүр [5].

Болашақта мемлекет үшін де, жеке тұлға үшін де оның білім деңгейі, біліктілігі, шеберлігі және алған білімді кәсібінде қолдана алуы шешуші рөл атқарады. Ақпараттық-коммуникативтік құзырлылық пен кәсіби сауаттылық қазіргі таңда кез келген іс-әрекет сферасында табыстылық көзі боп табылады. Бәсекеге қабілетті маман болу үшін барынша коммуникативті, ұтқыр, белсенді

элеуметтік құзырлылықта болу керек; өмірге барынша икемді, өндірістік үдерісті басқаруда және өзара тиімді әрекет етуге қабілетті болу керек.

ЖОО-да профессор-оқытушылар құрамы ағылшын тілін оқыту үдерісінде болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникативтік құзырлылығын қалыптастыру тұрғысында қажырлы еңбек етуде. Бірақ, көптен бері тұжырымдамалық тұрғыдан айқындалған оқыту әдістемесін талдау негізінде болашақ мамандардың ағылшын тілін игерудегі ақпараттық-коммуникативтік құзырлылықтарының қалыптасу деңгейінің қазіргі ақпараттанған қоғам талабына сай емес екендігі анықталуда. Білім беру стандарттарында көрсетілген құзырлылықтарды қалыптастыру талаптарында ағылшын тілін үйретудің жаңа парадигмасына көшу, мәдениетаралық қатынасқа дайындықты қалыптастыру талап етіледі.

Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы кәсіби білім беру саласында технологиялық жаңа әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етеді. Осыған орай болашақ электрэнергетик мамандарға ағылшын тілін оқыту барысында жаңа технологиялар қолданылуда. Қоғамдағы тұтынушылардың талаптарына сәйкес кәсіби білім сапасын ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерімен сабақтастыра отырып жаңарту, болашақ мамандарды заман талабына сай дайындау және оларда жаңа заманға жаңаша көзқарас қалыптастырып, заманауи технологияларды жетік меңгерген жеке тұлға қалыптастыру – қоғам талабы.

Қуатты Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдер қатарынан, өркениет биігінен көрінуі жоғары білім беру жүйесінің рөлі мен маңызына, кәсіби білім сапасына тікелей байланысты. Оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – осы заманғы кәсіптік білім мен ақпараттық-компьютерлік технологияларға негізделген еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы жоғары білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу.

